

RYHANI JAŃGYRY

ӘЛТИ ҚЫСТАУЫНЫҢ
ЖЫЛУЫ

4-бет

QOŃAM

ҚАРАПАЙЫМДЫЛЫҚ
ХАНФА ДА ЖАРАСАДЫ

6-бет

JANSARAI

ӘДЕБИЕТ ӘДЕПТЕН
БАСТАЛАДЫ

7-бет

DIDAR

САЙРАЙДЫ
БҮЛБҮЛ...

8-бет

Германиямен экономикалық ықпалдастық артады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Берлинде неміс бизнесінің бірқатар өкілімен кездесті



Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

«CLAAS Group» компаниясы Бақылау кеңесінің төрағасы Катрина Клаас-Мюльхойзермен кездесу барысында бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселелері талқыланды, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

«CLAAS Group» компаниясы біздің елімізге «CT Agro» дистрибуторлық желісі арқылы ауыл шаруашылығы техникаларын әкеліп, сервистік қызмет көрсетумен айналысады.

– Біздің негізгі стратегиямыз – елімізге тартылатын инвестицияларды әртараптандыру. Инвестиция тұрғысынан Германияның негізгі стратегиялық серіктесі болғымыз келеді, – деді Президент.

Катрина Клаас-Мюльхойзер Қазақстанның ірі компаниялармен ғана емес, сондай-ақ орта деңгейдегі компаниялармен де ынтымақтастық орнатуға ниетті екеніне ризашылық білдірді.

«Linde AG» компаниясының атқарушы вице-президенті Кристиан Брухпен кездесу барысында кәсіпорынның Қазақстанда жүзеге асырып жатқан инвестициялық жобалары мен алдағы жоспарлары туралы сөз болды.

– Канцлер Ангела Меркельмен және Президент Франк-Вальтер Штайнмайермен жүргізілген бүгінгі келіссөздер

жоғары деңгейде өтті. Осы келіссөздер екіжақты ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беретініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Кристиан Брух өз компаниясының 2013 жылы «Арселор Миттал Теміртау» АҚ базасында техникалық газ өндіру жобасын іске асырғанын атап өтіп, оған 95 миллион еуро көлемінде инвестиция салғанына тоқталды.

– Бүгінде «Linde AG» компаниясы жобаның екінші кезеңін қолға алды. Жаңа жобаға шамамен 80 миллион еуро инвестиция салуға ниеттіміз, – деді Кристиан Брух.

Сонымен қатар германиялық компания «ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамымен Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында газ өңдеу зауытын салу жөнінде келіссөздер жүргізіп жатқанын айтты.

Қазақстан Президенті «Schaeffler Group» компаниясының бас директоры Клаус Розенфельдпен кездесу кезінде өзара ынтымақтастықтың

перспективаларын талқылады. Автомобиль жасау, өнеркәсіп және ғарыш салалары бойынша қосалқы бөлшектер шығаратын кәсіпорын басшысы Клаус Розенфельд Қасым-Жомарт Тоқаевқа өндірістік және инвестициялық мүмкіндіктері туралы мәлімет берді.

«Siemens Healthineers» компаниясының бас директоры Бернд Монтаг Мемлекет басшысына мемлекет-жекеменшік әріптестік негізінде салынатын онкологиялық орталықтың жобасын ұсынды. Кәсіпорын басшысы еліміздің өндірістік әлеуетін арттыруға септігін тигізетін ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға ниетті екенін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев жетекші неміс компаниялары өкілдеріне арналған іскерлік дастарқан басында Қазақстанның экономикалық және инвестициялық әлеуеті туралы әңгімеледі.

Қазақстан Президенті Еуропа одағына мүше мемлекеттердің ішінде Германияның Қазақстан үшін негізгі сауда-экономикалық серіктес екенін атап өтіп, еліміздің ынтымақтастықты дамытуға ниетті екенін жеткізді.

– Қазақстан Президенті ретінде Германиядан елімізге инвестиция мен кәсіпкерлерді тарту және бизнес өкілдерінің өздерін қауіпсіз сезініп,

табысты дамуы үшін бар күш-жігерімді жұмсаймын. Біз неміс кәсіпкерлері үшін ерекше жағдай жасауға дайынбыз, – деді Қ.Тоқаев.

Президент Қазақстанның өз стандарттарын жақсартуға, болашақта Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының толыққанды мүшесі болу үшін заңнамаларды осы ұйым деңгейіне дейін көтеруге ұмтылатынын мәлімдеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның қолайлы географиялық жағдайы мен орнықты сыртқы экономикалық саясаты шетелдік инвесторлар үшін зор мүмкіндіктерге жол ашатынын айтты.

– Қытаймен, Ресеймен және Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасымыз өте жақсы. Біз – Шығыс пен Батыс арасындағы маңызды көлік хабымыз. Барлық трансқұрлықтық бағыттағы жолдардың 70 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Халықаралық «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізі жүк тасымалына кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік береді. Биыл Қытайдың Сиань қаласынан Германияға тасымалданатын жүк небәрі он күнде жеткізіліп, рекордтық көрсеткішке жетті, – деді Президент.

Оның айтуынша, «Volkswagen», «Mann», «Siemens», «Knauf», «Bayer»,

«METRO» секілді жетекші неміс концерндері Қазақстанда белсенді жұмыс істеп жатыр. «Heidelberg Cement» және «Linde Group» корпорациялары ел экономикасына ірі көлемде қаржы құйып, табысты экономикалық ынтымақтастықтың жарқын мысалы болып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев неміс кәсіпкерлерін агроөнеркәсіп кешені, жоғары технологиялар мен цифрландыру салаларындағы жобаларды жүзеге асыруға, сондай-ақ «Астана» халықаралық қаржы орталығының жұмысына атсалысуға шақырды.

Іс-шараға 20-дан астам неміс компаниясының жетекшілері қатысты. Атап айтқанда, «WILLO», «CLAAS Group», «SMS Holding GmbH», «Schaeffler AG», «Airbus Defence and Space», «Linde AG», «Mangold Consulting GmbH», «Herrenknecht AG», «Knorr-Bremse AG», «Euler Hermes», «Siemens Healthineers», «John Deere», «Deutsche Bank AG», «Tönnies Holding», «BAUER COMP Holding» және т.б.

Неміс іскер топтарының өкілдері Қазақстан нарығында жұмыс істеу тәжірибелерімен бөлісіп, алдағы жоспарлары мен ұсыныс-тілектерін айтты.

(Соңы 2-бетте)



Германиямен экономикалық ықпалдастық артады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Берлинде неміс бизнесінің бірқатар өкілімен кездесті

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Біз үшін сізбен әңгімелесу зор ғанибет. Сіздің бүгінгі сапарыңыз саяси қатынастарымызға ғана емес, экономикалық байланыстарымызға да оң ықпал ететініне сенімдіміз. Қазақстан үшін Германия бизнесі сенімді серіктес екеніне сендіремін. Болашақ ынтымақтастығымыз бен Қазақстан экономикасындағы неміс инвестициясын арттыру үшін бізге зор мүмкіндіктер ашылады деп есептеймін, – деді «WILCO» компаниясының басшысы Оливер Гермес.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев инвестициялық жобаларды неміс бизнесінің қатысуымен жүзеге асыруда ынтымақтастық орнатуға Қазақстанның дайын екенін мәлімдеді.

– Біз барлық мәселенің оң шешілуіне көмектесуге мүдделіміз. Бүгінгі сіздердің баяндамаларыңызда айтылған жобалар Үкіметіміздің ерекше назарында болады. Қазақстанда сіздердің бизнестеріңіз жүзеге асырып жатқан бірлескен жобаларға қолдау көрсетуге баса мән береміз, – деді Мемлекет басшысы.

Берлинде ресми сапармен болған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қауіпсіздік жөніндегі Мюнхен конференциясының төрағасы Вольфганг Ишингермен кездесу өткізді.

Қазақстан Президенті Германия басшылығымен жүргізілген келіссөздердің нәтижелеріне тоқталып, Қазақстан нарығына неміс бизнесін, технологиясы мен инвестициясын тартудың маңыздылығы жөнінде айтты.

Вольфганг Ишингер келесі жылы өтетін кезекті Мюнхен конференциясына дайындық барысы туралы мәлімет беріп, Қазақстан Президентін аталған беделді жиынға қатысуға шақырды.

Сонымен қатар тараптар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысқан Берлин еуразиялық клубының 28-отырысында өзекті мәселелер талқыланды.

Мемлекет басшысы жиында сөйлеген сөзінде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған Берлин еуразиялық клубы өз маңыздылығын дәлелдегенін атап өтті.

– Аталған диалог алаңы Қазақстан мен Германия, Қазақстан мен Еуропа қатынастарының әлеуметтік-саяси және экономикалық мәселелерін кең ауқымда талқылауға зор мүмкіндік береді. Бұл – еліміздің Еуропадағы алғашқы жобасы. Жаһандық тұрақсыздық жағдайында мұндай институттың рөлі арта түседі деп санаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, соңғы үш жыл ішінде әлемдегі геосаяси, геоэкономикалық ахуал елеулі өзгерістерге ұшырады. Санкциялар мен сауда-саттық шектеулер дәстүрлі дипломатиялық құралдарды жиі алмастыра бастады.

– Әлемдік экономика елдер мен өңірлердің дамуында диспропорция, технологиялық теңсіздік, қаржы жүйесіндегі әлсіздік сияқты «созылмалы дертке» тап болуда. Осындай күрделі жағдайда еліміздің сыртқы экономикалық және сауда саясаты ашық, прагмативті



Сурет Президенттің бастама қасиетімен алынды

және қарапайым. Қазақстан әртүрлі бірлестіктермен, елдермен және компаниялармен өзара тиімді ынтымақтастық орнату үшін ашық болып қала береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның сыртқы саясаттағы басымдықтарына тоқталып, Еуропа одағымен қарым-қатынастарға баса мән беретінін айтты.

– Біз Еуропада болып жатқан оқиғаларды мұқият қадағалап отырамыз, Еуропа көшбасшыларымен тұрақты түрде сындарлы диалог орнаттық. Қазақстан Еуропа одағының Орталық Азия өңіріне қатысты жаңа ұстанымдарына қолдау көрсете береді. Біздің Еуропамен ықпалдастығымыз, негізінен, Германиямен арадағы экономикалық, тарихи, мәдени байланыстар бойынша ерекшеленеді, – деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы форум қатысушыларының назарын Қазақстанның қарқынды өсіп келе жатқан инвестициялық әлеуетіне аударды.

– Біздің көрші елдермен тығыз интеграциямыз іргелес нарықтарға шығуға қолайлы жағдай жасайды. Бүгінде 500 миллионнан астам адам бізбен шекаралас көрші елдерде тұрады. Еуразиялық экономикалық одақ аясында еңбек қозғалысы, қаржылық қызмет көрсету, капитал және сауда секілді төрт еркіндік бойынша басымдыққа ие болғымыз келеді. Орталық Азиядағы жақын көршілерімізбен тығыз ынтымақтастығымызды жалғастыра береміз. Сондықтан Қазақстанда жұмыс істеп жатқан неміс компаниялары үшін қосымша нарыққа шығуға мүмкіндік ашылады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің айтуынша, Үкімет ауыл шаруашылығына, жаңа технологиялар мен цифрлы қызметтер көрсету салаларына неміс инвестициясын тарту ісіне қолдау көрсетуге әзір.

– Біз «Цифрлы Қазақстан» арнайы мемлекеттік бағдарламасын қабылдадық. Германиядағы Фраунгофер институты

осы стратегиялық бағдарламаны әзірлеуге қатысты. Өніміздегі барлық стартаптарға қолдау көрсету мақсатында Астанахаб және IT-университет аштық. 3 жылдан кейін еліміздің IT саласында дарындылар пулы қалыптасады деп үміттенеміз. Жалпы, біз цифрландыру саласында үкіметтік құрылымдар деңгейінде де, жеке компаниялар деңгейінде де ынтымақтастық орнатуға дайынбыз, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Германияны Қазақстанның стратегиялық серіктесі екенін тағы да атап өтіп, еліміздегі неміс бизнесіне тиісті жағдай жасайтынын айтты.

– Біз сіздерге барынша жеңілдіктер жасауға дайынбыз. Соның ішінде арнайы экономикалық аймақтарда салықтан босату, инфрақұрылым ұсыну және басқа да жеңілдіктер бар. Мен «Қазақинвест» пен Қазақстанның тікелей инвестициялар қорына Германия инвесторларымен ынтымақтастық жасайтын арнайы офис ашу жөнінде тапсырма бердім, – деді Мемлекет басшысы.

Германия бизнесінің еліміздегі жобаларын іске асыруға «Бәйтерек» холдингі мен Қазақстан даму банкі қолдау көрсететін болады.

– Бұл еліміздің инвестициялық жүйесі үшін жаңа шара болып саналады. Біз бұған дейін ешқандай елге мұндай жағдай жасаған емеспіз. Осы бастама дұрыс ұйымдастырылған жағдайда Үкімет пен инвесторлар мұны тиімді жұмыс істейтін тетікке айналдырады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Берлиндегі AXICA конгресс-орталығында өткен іс-шараға ГФР үкіметінің жоғары лауазымды қызметкерлері, сарапшылар, журналистер және неміс бизнесінің 250-ден астам өкілі қатысты.

Қазақстан Президентінің Германияға сапарының екінші күні кездесулерге толы болды. Соның бірі – Қасым-Жомарт Тоқаевтың Германияның бұрынғы Федералдық Президенті Хорст Кёлермен кездесуі.

Кездесу барысында тараптар келер жылы Нұр-Сұлтан қаласында өтетін Дүниежүзілік сауда ұйымы министрлерінің конференциясына дайындық барысын, Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жобасы аясындағы ықпалдастық шараларын, сондай-ақ әлемдегі саяси ахуалды талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстанда қолға алынған жаңа стратегиялық бағдарламалар жайында және өзінің Сайлауалды тұғырнамасында айтылған сабақтастық, әділдік, өрлеу қағидаттарының іске асырылуы туралы айтты.

Хорст Кёлер сабақтастық дәстүрі ел дамуына тың серпін беретінін және Қазақстанды Еуразиядағы тұрақтылық орнаған аумақ санайтынын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Германияға жасаған ресми сапарының екінші күнгі бағдарламасының аясында неміс компанияларының басшыларымен бірнеше кездесу өткізді.

«Baumann GmbH» компаниясының бас директоры Роберт Бауманнмен кездесуде Алматы облысындағы агроөнеркәсіп кешені саласындағы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылу мәселелері талқыланды. Кәсіпкер Қазақстанда қой өтін өндіру жұмыстарын қалай жолға қойғанын айтып, өз бизнесін одан әрі дамыту жөніндегі жоспарын ортаға салды.

Қазақстан Президенті бұл жобаға оң бағасын беріп, мемлекеттік құрылымдардың жан-жақты қолдау көрсететінін атап өтті.

– Қой санын жылына 750 мыңға жеткіземіз деген биік мақсат қойып отырсыздар. Мемлекет басшысы ретінде сіздің Қазақстандағы жобаның оң баға беремін. Сіздерді одан әрі өркендей беруге шақырамын. Туындауы мүмкін мәселелерді шешу үшін неміс бизнесімен ынтымақтастық орнату жөнінде жұмыс тобы құрылды. Оны Премьер-Министрдің орынбасары басқарады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халықаралық

бизнесі дамыту жөніндегі «Deutsche Bahn AG» компаниясының директоры Нико Варбаноффпен және инфрақұрылым жөніндегі басқарма мүшесі Рональд Пофалмен әңгімелесу барысында көлік саласында ынтымақтастық орнату мәселесін талқылады. Атап айтқанда, Қазақстандағы темір жол жолаушылар тасымалының сапасын тиісті деңгейге көтеру, инжинирингтік және консалтингтік қызметтер көрсету мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев «Volkswagen AG» компаниясының сыртқы байланыстар жөніндегі бас директоры Йенс Ханефельдпен кездесіп, инвестициялық ынтымақтастық мәселесін талқылады.

– Мен Германияға екі ел арасындағы байланыстарға дәнекер болу үшін келдім. Бізге сіздердің инвестицияларыңыз бен бизнеске қатысуларыңыз қажет. Кеше Германия басшылығына біздің экономикамыздағы неміс инвесторларының санын арттырғымыз келетінін ашық айттым, – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Фраунхофер институтының сыртқы байланыстар бөлімінің директоры Йенс Нойгебауэрмен кездесті, тараптар білім беру саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған институттың Қазақстанда кәсіби мамандар даярлау ісін жаңғыртуға және дуальді білім беру жүйесін енгізуге елеулі үлес қосқанын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, біздің ел бұл саладағы Германияның тәжірибесін енгізуге мүдделі.

Өз кезегінде Йенс Нойгебауэр Фраунхофер институтының Қазақстанмен арадағы ықпалдастықты дамытуға дайын екенін жеткізді.

Аталған институт 2008 жылдан бері Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтау, Қарағанды және Өскемен қалаларындағы оқу орындарымен, өнеркәсіптермен тығыз байланыс орнатқан.